

Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешеніне шет ел инвестицияларын тарту және "Амоко" (АҚШ) компаниясымен экономикалық ынтымақтастықты кеңейту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 6 ақпан N 169

Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешеніне шет ел инвестицияларын тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министріне "Амоко" (АҚШ) компаниясымен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан келіссөздер жүргізу және Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен "Амоко" компаниясы арасындағы ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы Келіссөзге қол қою өкілеттігі берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен "Амоко" компаниясы арасындағы Қазақстанның Каспий шельфі секторын игеру кезінде өнім бөлінісі туралы Келісімнің шарттары бойынша "Қазақстанкаспийшельф" акционерлік қоғамы мердігердің үлесінен ала алатын қатысушының үлесінен процент алу туралы Келісім бойынша, ол бойынша келіссөздер "Қазақстанкаспийшельф" акционерлік қоғамы және консорциумның шет елдік қатысушылары арасында жүргізіледі; <*> өнім бөлінісі туралы келісім бойынша, бірлескен кәсіпорындар немесе өзара қабылданымды уағдаластықтар:

Өзен мұнай-газ кен орнын қалпына келтіру жөнінде;
Темір кен орнының Б Блогын барлау және игеру жөнінде;
"Амоко" компаниясының мыналарға құқық алу үшін тендерге қатысуы жөнінде;
"Ақтөбемұнай" акционерлік қоғамын жекешелендіру;
Атырау-Баку экспорттық құбыры құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін құрастыру жөнінде келіссөздер жүргізу ниетінде екендігі назарға алынсын

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 1-абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің
1997.02.21. N 252 қаулысымен. P970252_

3. "Амоко" компаниясына" тараптардың келісімі бойынша оның мүмкін болатын ұзартылуымен жиырма ай мерзімге:

Оңтүстік Ембі блоктарын барлау және игеру жөніндегі;
Каспий теңізі қазақстандық секторының төрт блогын барлау және игеру жөніндегі;
"Қазақстанкаспийшельф" акционерлік қоғамы мен консорциумның шетелдік қатысушыларының арасында келіссөз жүргізіліп жатқан Каспий шельфінің қазақстандық секторын игеру кезінде өнімдерді бөлісу туралы Келісімнің шарттары бойынша "Қазақстанкаспийшельф" акционерлік қоғамы мердігердің үлесінен ала

алатын қатысу үлесінен процент алу туралы Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен "Амоко" компаниясының арасындағы Келісім жөніндегі жобалар бойынша Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен келіссөздер жүргізуге эксклюзивті құқық берілетін болады. <*>

4. "Амоко" компаниясы Қазақстан Республикасына бонус төлейді және Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен "Амоко" компаниясы арасындағы ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келіссөздер жүргізу мен жасасуға байланысты барлық шығындарды өтейді деп көзделсін.

ЕСКЕРТУ. Қаулы 3-тармақпен толықтырылды, 3-тармақ 4-тармақ болып саналды - ҚРҰ-нің 1997.02.21. N 252 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі